**Талқылау мен бақылау.** Қадыр Мырза Әлі поэзиясында ауыл бейнесі ерекше көркемдік мәнге ие. Ақын үшін ауыл қазақ халқының өзін-өзі тану кеңістігі, ұлттық болмыстың қайнар көзі әрі рухани түпқазығы. Ақын жырларында бейнеленетін қарапайым ауыл көріністері – төрт түлік мал, жусан иісі аңқыған дала, кең жазық пен қоңыр тіршілік көріністері – ұлттық дүниетанымның поэтикалық символдарына айналған. Бұл образдар арқылы ақын қазақ халқының өмір салты мен табиғатпен үйлесімді болмысын көркемдік тұрғыда жинақтап көрсетеді. Ауыл тақырыбы Қадыр Мырза Әлі поэзиясында тек ностальгиялық сипатта ғана емес, ұлттық сананы қалыптастыратын философиялық кеңістік ретінде көрінеді. Ақын ауыл өмірін ұлттық мінез, адамгершілік құндылықтар мен тарихи жадының көрінісі ретінде қабылдап, оны поэтикалық ойдың өзегіне айналдырады. Осы арқылы ауыл бейнесі ақын шығармаларында ұлттық болмыстың, мәдени кодтың және рухани сабақтастықтың көркемдік моделі ретінде орнығады.

Қаламгердің «Иірім» атты кітабында ол адам бойындағы игі қасиеттерді дәріптейді. Мұнда ерекше назар ауыл адамдарының өмірі мен тұрмысындағы ұлттық құндылықтарға аударылады. Ауыл адамдарының бойындағы сөзге тоқтау, уәдеге берік болу, салт-дәстүрді сақтау және ортақ игілікке үлес қосу сияқты қасиеттер ақынның ойынша, кісіліктің көрінісі болып табылады. Ғылыми тұрғыдан қарасақ, бұл көзқарас әлеуметтік моралды теориялармен үйлеседі: адамның қоғамдағы мінез-құлқы, оның моральдық бағдарлары, дәстүр мен мәдени нормаларға деген құрметі – оның адамгершілік деңгейін көрсететін белгілер санатында. «Кісілік деген ұлы қасиет. Кісіліктің үлкен-кішісі болмайды. Оның қай-қайсысы да бағалы, қай-қайсысы да қымбат» деген ойында адамгершіліктің адам өміріндегі рөлі мен мәнін атап көрсетеді [7, 94]. Бұл тұжырымдама бойынша, кісілік – адамның ішкі моральдық сапасы, оның қоғамдағы орнын анықтайтын басты қасиет болып саналады. Кісіліктің ерекшелігі – ол сыртқы жағдайға, әлеуметтік мәртебеге тәуелді емес, әрбір адамның бойында туындайтын жеке адамгершілік белгісі. Яғни, кісілік үлкен-кішіге бөлінбейді, оның құндылығы әрбір адам үшін бірдей.

Сонымен қатар, қазақ ауылында кісілік қасиет тек жеке тұлға деңгейінде ғана емес, қоғамдық байланыстар жүйесінде де көрінетіндігін терең зерттеді. Мысалы, мал-мүліктегі бөлісу, ортақ еңбекке атсалысу, туыстық және көршілік қарым-қатынастарды сыйлау сияқты дәстүрлер – қоғамдағы сенім мен бірлікті нығайтады. Осы тұрғыдан алғанда,

қаламгердің шығармашылығында адам бойындағы кісілік пен ұлттық дәстүрдің өзара байланысы көрініс табады.

Осылайша, қаламгердің шығармалары тек адамгершілік, кісілік мәселесін көтеріп қана қоймай, қазақ қоғамының мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар жүйесімен байланысын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Бұл бағытта зерттеу жасау қазіргі әдебиеттану мен этнография ғылымдары үшін де маңызды: ол қазақ ауылының рухани өмірін, тұлға тәрбиесі мен әлеуметтік нормаларын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. «Ауыл – атамекен пернесі» деген өлеңінде:

«Тату ауыл бөліскен малтасын да,  
Бір ұстайды арасын,  
Балтасын да.  
Бір атайдың шақшасы  
Бір атайдың

Кетіп қала береді қалтасында» [8, 158]. Бұл өлең қазақ ауылының бірлігін, бауырмашылдық және адамгершілік қасиеттерін бейнелейді. Ауыл адамдары өзара бөлісіп, ортақ игілікті бағалайды, сыйластықтың өлшемі дүниемен емес сеніммен өлшенеді. Өлеңде көрсетілген бұл сипаттар – ұлттық дәстүрді сақтау және өзара сыйластық сияқты қасиеттердің көрінісі. Автор белгілі бір бұйым немесе зат арқылы ғана емес, адамдар арасындағы қатынастың моральдық және адамгершілік ерекшеліктерін суреттеп, әр адам үшін маңыздылығына тоқталады. Бұл шығармашылық тәсіл арқылы өлең қазақ қоғамындағы рухани құндылықтарды дәріптеп, ауыл өмірінің қарапайымдылығы мен адамгершілігін ашып береді.

Ауыл өмірі мен қала өмірін салыстыра суреттейтін «Ауыл және жұмақ» атты өлеңде әлеуметтік-философиялық мазмұнды терең бейнелейді. Шығармада қала мен ауыл кеңістігі қарама-қарсы қойылып, олардың адам санасына, рухани болмысына типізер әсері талданады. Қала өмірінің қарбалас ырғағы, үздіксіз қозғалысы мен тығыз құрылысы адамдар арасындағы табиғи қарым-қатынастың әлсіреуіне алып келгені көркем түрде сипатталады.

Ал ауыл тіршілігі кең тынысты табиғатымен, адамдардың бір-біріне деген пейілі мен жылылығымен ерекшеленеді. Ақын зәулім ғимараттар көкжиекті көлеңкелеп, адамның еркін тыныстауына мүмкіндік бермейтін қала кеңістігін суреттеу арқылы ауылға деген сағынышты күшейте түседі. Бұл арқылы ауыл өмірі рухани тазалықтың, табиғилықтың символы деген ой қалыптасады.

Өлеңде тұрмыс ағымына сай қалыптасқан тіршілік салты адамның ішкі әлеміне әсер ететіні меңзеліп, қала өмірінің жедел қарқыны мен ауыл өмірінің баяу, үйлесімді сипаты салыстырмалы түрде ашылады.

«Тақпаймын астананың бағына мін,  
Тұрмыстың ағымына бағынамын.  
Әйтсе де  
Көкті сүзген мүйіз үйді  
Көргенде  
Киіз үйді сағынамын» [9, 196].

Осылайша, ақын ауыл мен қала тақырыбы арқылы заманауи қоғамдағы рухани алшақтауды көрсетіп, ұлттық болмыс пен дәстүрлі өмір салтының маңызды бөлігі деп суреттейді.

«Мен үшін ауылымның әр күні – өлең,

Махаббат дейтін мәңгі бар бір емен» [10, 250]. Ақынның «Шаруа» деп аталатын тағы бір өлеңі осылай басталады. Бұл жолда автор ауыл ұғымын тек географиялық мекен ретінде емес, рухани-эмоциялық кеңістік ретінде танытады. Ақын үшін ауылдың әрбір күні поэзияға пара-пар, яғни мағыналы, мазмұнды әрі эстетикалық құндылыққа ие. Бұл жерде «өлең» метафорасы ауыл өмірінің үйлесімділігін, табиғилығын және адам жанына жақын болмысын білдіреді. Ал «махаббат дейтін мәңгі бар бір емен» тіркесі арқылы автор ауылға

деген сезімнің тұрақтылығы мен беріктігін көркем бейнелейді. Емен ағашы – мықтылық пен ұзақ ғұмырдың символы. Осы символ арқылы ақын ауылға деген сүйіспеншіліктің уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәңгілік құндылық екенін меңзейді. Аталған жолдар өлеңнің идеялық өзегін тереңдетіп, ауылды адам болмысының бастауы, рухани тірегі ретінде көрсетеді. Ақын ауыл өмірін махаббат, тұрақтылық және рухани сабақтастық ұғымдарымен сабақтастыра отырып, ұлттық дүниетанымның негізін айқындайды.

Қадыр поэзиясының көркемдік табиғатын зерттеген сыншы-ғалым Б. Кәрібаева ақын шығармаларындағы драматизмнің өзіндік сипатын айқындайды. Зерттеушінің пікірінше, Қадыр өлеңдеріндегі драмалық сипат ойлар мен ұғымдар арасындағы қарама-қарсылықтан туындамайды, керісінше, жаратылыс пен адам өмірінің терең философиялық қабаттарынан бастау алады [9]. Бұл тұжырым ақын поэзиясының мазмұндық-идеялық аясын кеңейтіп, оның дүниетанымдық тереңдігін танытады. Осы тұрғыдан алғанда, Қадырдың поэтикалық танымы өмір құбылыстарын байыппен зерделеуге негізделген. Ақын назарынан болмыстың ұсақ-түйек көріністеріне дейін тыс қалмай, оларды философиялық пайыммен көркемдік деңгейге көтере біледі. Мұндай көркемдік қырағылық пен ой тереңдігі Қадыр шығармашылығын ерекшелендіріп, оны шынайы дарын иесі ретінде танытатын басты белгілердің бірі болып табылады.

Ақынның тіршілік, тұтастық, адамергершілік турасында жазған шығармаларының басым көпшілігі кеңістік, қоғам, дала ұғымымен сабақтасып жатады. Оны «Студент» деп аталатын келесі шумақтан аңғара аламыз.

«Басталмаған қаланың дастаны әлі

Бірінші жыл дала деп жас тамады.

Бірінші жыл ауылы естен кетпей,

Бесінші жыл қимайды астананы» [8, 133]. Берілген өлең жолдарында аллитерациялық қайталау тізбегі айқын байқалады. Ақын «дала» және «ауыл» ұғымдарын қатар алып, оларды біртұтас образдық жүйе ретінде дамытады. Бұл ұғымдар өлең құрылымында тек географиялық кеңістік мәнінде ғана емес, лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесімен, сағыныш пен аңсау сезімдерімен астаса өріледі. Аллитерация арқылы өлеңнің әуезділігі күшейіп, «бірінші жыл» тіркесінің қайталануы уақыт ағымын, туған жерден алыстаудың психологиялық салмағын көрсетеді. «Дала» мен «ауыл» образдары лирикалық сананың бастапқы, таза күйін білдірсе, «астана» ұғымы кейінгі өмір кезеңін, бөтен кеңістікті меңзейді. Осылайша, дыбыстық қайталау мен мағыналық сабақтастық ақынның туған жерге деген сағыныш сезімін тереңдетіп, көркемдік тұтастықты қамтамасыз етеді. «Дала» және «ауыл» лирикасының дамуын зерттеп, талдау жүргізіп, поэзиядағы ұлттық рухты айғақтаған Т.Шапаев ауылды «дала» ұғымымен сабақтастыра келіп «Дала – халықтық болмыс, ұлттық рухтың символы болса, ауыл оның тіршілікке, мазмұнға толы және бір жанды, төл көрінісі. Дала – ауыл. Шынына келсек, поэзиямыз үшін бұл тақырып бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым. Сол дала, сол ауыл бүтінде ұлан-асыр поэзиялық тебіреністер арсеналына айналды», - деген тұжырымды алға тартады [11, 110]. Жоғарыдағы Т. Шапаевтің пайымдауына негіз болатын ақынның тағы бір өлеңі «Дала дастарқаны» деп аталады.

«Қонаққұмар дастарқан

Картасындай ауылдың» [8, 78]. Қазақ ауылының болмысын тұрмыстық детальдар арқылы жинақтап көрсететін көркем поэтикалық мәтін ретінде құнды. Ақын ауыл өмірін абстрактілі пайымдаулармен емес, күнделікті тіршілікте кездесетін нақты бейнелер арқылы суреттейді. Соның нәтижесінде ауыл әлеуметтік және мәдени тұрғыдан тұтас жүйе ретінде қабылданады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, отбасы құрылымы, табиғатпен байланыс бір-бірінен ажырамайтын өмір салты ретінде көрінеді. Өлеңдегі басты көркемдік өзек – дастарқан бейнесі. Ол ауылдың ішкі құрылымын танытатын жинақтаушы символ қызметін атқарады. Дастарқанға қойылған тағамдар арқылы қазақ ауылының экономикалық тірегі саналатын мал шаруашылығына негізделген тұрмыс

айқындалады. Сонымен қатар қонақжайлылық пен қауымдастыққа тән бірлік идеясы да осы образ арқылы ашылады. Мәтінде отбасы ішіндегі дәстүрлі қатынастар да бейнеленеді.

«Енесі көз алмайды

Елгілдеген келіннен» [8, 78]. Ене мен келін арасындағы байланыс ауылдағы тәртіп пен моральдық жауапкершіліктің көрінісі ретінде берілген. Бұл қатынас жеке отбасының шеңберімен шектелмей, ауылдық ортаға тән әлеуметтік бақылау мен тәрбие жүйесін аңғартады.

«Дастарқанға салынған бүкіл ауыл суреті» [12, 79] деген жолдар ақынның ауыл өмірін бір ғана образ арқылы жинақтап көрсету шеберлігін танытады. Ауыл тұрмысында тұтынылатын тағам атаулының барлығы табиғи өнімдерден дайындалатындықтан, олардың әрқайсысының астарында маусымдық тіршілік пен қажырлы еңбек жатыр. Ақын төрт мезгілдің әрқайсысы ауыл өмірінде өзіндік науқанымен ерекшеленетінін аңғартады: жаздағы мал бағу, күзгі өнім жинау, қысқы соғым, көктемгі төл алу сияқты жұмыстар тағамның молдығы мен сапасын айқындайды. Химиялық қоспасыз ас, табиғи таза су ауыл тұрмысының экологиялық тазалығын көрсетсе, әрбір тағамның табиғат жағдайымен, еңбек ырғағымен тығыз байланысы ауыл адамының қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретінін дәлелдейді. Осылайша дастарқан бейнесі арқылы ақын ауыл өмірінің еңбекке негізделген, табиғи әрі тұтас жүйесін көркем түрде ашады.

**Нәтижелер.** Қазақ поэзиясында ауыл бейнесі ұлттық болмыстың көркемдік айнасы іспетті. Ақын поэзиясындағы ауыл көріністері тек тұрмыстық суреттеу деңгейінде қалып қоймай, халықтың тарихи жады, рухани құндылықтары мен дүниетанымдық негіздерін танытатын терең философиялық мазмұнға ие. Ауылды қазақтың мінезін, болмысын, ұлттық санасын қалыптастырған киелі кеңістік ретінде бейнелейді. Ақын үшін ауыл – ұлттың рухани бесігі. Оның өлеңдерінде ауыл тіршілігі арқылы қазақ халқының еңбекке көзқарасы, өмірге сабырлы қатынасы, табиғатпен етене байланысы көрініс табады. Және адамды адам ететін орта, мінез бен мейірімнің, төзім мен парасаттың мектебі қалыптасатын киелі мекенге балайды. Бұл сипаттауларда этнографиялық детальдар мен философиялық түйіндер өзара сабақтасып, ұлттық ойлау жүйесінің тұтастығын айқындап тұр.

Ақын поэзиясындағы ауыл бейнесі көбіне дәстүрлі қазақы құндылықтармен астасып жатыр. Шаңырақ, қыстау, мал шаруашылығы, ат әбзелі, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді ұғымдар ауыл өмірінің ажырамас бөлшегі ретінде сипатталған. Бұл детальдар поэтикалық құралға айналып, ұлттың өмір сүру салты мен рухани болмысының көркем көрінісін жасайды. Ауыл тіршілігі арқылы ұрпақтар сабақтастығын, дәстүр жалғастығын өлең жолдарымен, поэтикалық пайланыспен тереңінен сөз етті. Поэзиясындағы ауыл көріністерінің тағы бір маңызды қыры – ұлттық мінезді танытуы. Ауыл адамын дархан, қонақжай, сөзге тоқтай білетін, досқа адал, әзіл-қалжыңға жақын бейне ретінде суреттейді. Бұл бейнелер жалпылама емес, нақты ұлттық психологияға негізделген. Ауылдағы қарапайым тіршілік арқылы ақын қазақтың ішкі мәдениетін, рухани тазалығын, адамгершілік өлшемдерін көрсетеді.

Ақын шығармаларында ауыл мен табиғат егіз ұғым ретінде беріледі. Дала, өзен, қырат, мал, жыл мезгілдері барлығы ауыл өмірінің бөлінбес бөлігі. Табиғат көріністері адам көңіл-күйімен, ұлттық таныммен астаса отырып суреттеледі. Бұл Қадыр поэзиясына тән синкретті көркемдік тәсіл. Ауылдағы табиғи орта қазақтың еркіндікке, кеңдікке ұмтылған болмысын айқындайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында адам болмысының өзегі саналатын имандылық ауыл тіршілігімен біте қайнасып қалыптасты. Ауыл кеңістігінде адамның дүниеге келуі, өсуі мен ержетуі, еңбекке араласуы мен қария жасына жетуі табиғи өмір ырғағымен үйлесім тауып, мінез-құлық пен рухани жауапкершіліктің қалыптасуына негіз болды. Ата мен бала арасындағы сабақтастық, үлкен мен кішінің арасындағы сыйластық пен ізет күнделікті ауыл өмірінде жазылмаған заң ретінде орнықты. Осындай ортада әдептілік, арлылық, инабаттылық секілді қасиеттер жеке адамның ғана емес, тұтас қауымның құндылығына айналды. Ауылда жастардың үлкенге құрметі, үлкеннің кішіге қамқорлығы өмір сүру дағдысы ретінде қабылданып, тәрбиенің басты тетігі қызметін атқарады. Үлкен туынды болсын, кіші туынды болсын, қандай шығарма жазса да, автордың біршама ұзақ толғаныста болатыны белгілі. [13, 31]. Бұл рухани құндылықтар ауыл поэзиясында да айқын көрініс тауып, адамгершілік пен

тазалықты дәріптейтін басты тақырыпқа айналды.

Қадыр Мырза Әли ауыл тақырыбын бүгінгі заманмен байланыстыра қарастырды. Дәстүрлі ауыл құндылықтарының әлсіреуіне алаңдаушылық білдіріп, ұлттық негізден ажырамауға үндейтін шығармалары көп. Ақын үшін ауыл – өткеннің сарқыншағы емес, болашақтың рухани тірегі.

**Қорытынды.** Қадыр Мырза Әли қазақ руханиятының биік өлшеміне айналған дара тұлға. Ол поэзиясында ұлттың тарихи жадын жаңғыртып қана қоймай, ұлттық сананың терең қабаттарын көркем оймен саралай білді. Ақын халықтың қуанышы мен қасіретін, арман-үмітін, мінезі мен мүддесін біртұтас рухани құбылыс ретінде танытып, қазақ болмысының көркем философиясын жасады. Оның өлеңдеріндегі ұлттық сипат сыртқы белгілермен шектелмей, халықтың ішкі жан әлемін, моральдық ұстанымын, рухани жауапкершілігін айқындайды. Ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиеттің бастауында тұрған поэзия жанрының алатын орны ерекше. Поэзия адамзаттың ең көне әрі ең өміршең өнер түрлерінің бірі [14, 56]. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын, арман-мұратын, қуанышы мен қайғысын көркем тілмен өрнектеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған. Өткен мен бүгінгі тарихты қысқа да нұсқа жолдар арқылы оқырманға жеткізу поэзияның басты ерекшеліктерінің бірі. Бір шумақ өлеңнің өзінде тұтас бір дәуірдің тынысы, халықтың тағдыры мен замана үні көрініс таба алады. Сондықтан поэзия тек көркемдік құрал ғана емес, ол тарихи жадтың, ұлттық рухтың айнасы [15]. Қадыр Мырза Әли тек жыр жаратушы ғана емес, ұлт алдындағы азаматтық парызын терең сезінген ойшы ақын [16, 38].

Халықтың кемшілігін жасырмай, ұлт тағдырына алаңдаған сыншы көзқарасын ашық білдіре отырып, елдік сананы оятуға, рухты серпілуге ұмтылды. Ақын шығармашылығында еңбекқорлық, жауапкершілік, шындыққа адалдық сынды қасиеттер көркемдік ұстаныммен ұштасып, тұлғалық өнеге деңгейіне көтерілді. Қазақ халқының рухани биігін айқындайтын көркем шежіренің қалыптасуына жол сілтеп, ұлттық әдебиеттің алтын қорынан берік орын алып, уақыт өткен сайын тағылымдық, танымдық және тәрбиелік маңызын арттыра бермек. Қадыр ұлттың сөз арқылы сөйлеген ар-ожданы, рухани болмысының мәңгілік үні. Ақын лирикасындағы ауыл географиялық ұғымнан әлдеқайда кең, ол ұлттық код, рухани кеңістік, мәдени жады. Сондықтан Қадыр поэзиясын ауыл концептісі арқылы зерделеу қазақ ұлттық болмысын танудың маңызды бір жолы.

Ақынның жырларында ұлттық мінез, әсіресе, қарапайымдылық, кеңпейілділік, сөзге тоқтау, табиғатпен етене байланыс сияқты қасиеттер арқылы айқындалады. Ол қазақтың болмысын асқақ пафоспен емес, керісінше, қарапайым өмір шындығы мен терең философиялық пайым арқылы жеткізеді. Осы тұрғыда Қадыр Мырза Әлі поэзиясы ұлттық бейнені идеализацияламай, оны өмірдің өз ағымында, шынайы қалпында көрсетеді. Сонымен қатар, ақын шығармаларында тілдің поэтикалық мүмкіндіктері ерекше қолданыс табады. Қысқа да нұсқа, нақылға жақын ой түйіндеулер, афористік тіркестер арқылы ұлттық дүниетанымның мәні ашылады. Бұл оның поэзиясын халықтық ойлау жүйесіне жақындатып, ұлттық бейненің тіл арқылы көрінуін күшейтеді. Мұнда жоғарыда аталғандай, поэтикалық тілдің құрылымы мен мазмұны ұлттық ерекшелікті танытудың негізгі құралына айналады.

Қорытындылай келе, Қадыр Мырза Әлі поэзиясы – ұлттық бейнені терең философиялық, тілдік және көркемдік деңгейде бейнелеген маңызды әдеби құбылыс. Ақын шығармашылығы арқылы қазақ поэзиясындағы ұлттық болмыстың көркемдік моделі айқындалып, ол жалпы ұлттық рухты танытудың жарқын үлгісіне айналады.

## Әдебиеттер

1. Аристотель. Поэтика. – М.: Художественная литература, 1983.
2. Ахметов З. Лермонтов шығармаларының Абайға әсері // Әдебиет және искусство, 1950. – № 8. – Б. 60-65.
3. Якобсон Р. Лингвистика и поэтика // Структурализм: «за» и «против». – М.: 1975. – 360 с.
4. Лотман Ю. М. Анализ поэтического текста. – Ленинград: Просвещение, 1972. – 258 с.
5. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 267 б.
6. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 218 б.
7. Мырза Әли Қадыр. Иірім. – Алматы: Атамұра, 2004. – 360 б.
8. Мырза Әли Қадыр. Қадырдың қадірі. Қадыр Мырза Әли. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: Қазығұрт, 2010. – 440 б.
9. Кәрібаева Б. Қадыр поэзиясы хақында // Жұлдыз. – №10, 1985.
10. Қуаныш Т. Жайықтың жыр жампозы: монография. – Орал: Ағартушы, 2012. – 230 б.
11. Шапаев Т. Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы. – Алматы, 1994. – 240 б.
12. Мырза Әли Қ. Таңдамалы: Өлеңдер. – Алматы, Жазушы, 2005. – 424 б.
13. Г. Толыбаева. Қадыр Мырза Әли эсселеріндегі дүниетаным мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №3(143). – 2013. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/264/255>.
14. Жұбанов Заман бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1972 – 456 б.
15. Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. Metaphors in the Language of Zhyrau: Structural Features and Functional Role / [Text] Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. // – 2025. Volume 07. DOI: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls>
16. Нұрахметов С. Қадыр Мырзалиевтің ақындық шеберлігі. – Алматы: Жазушы, 1994. – 214 б.

**А.Д. ӘЛТАЙ, М.С. ЖӘЛЕЛОВА**

Евразийский Национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

**Г.Қ. ҚИАРЫСТАНОВА**

Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан

## КОНЦЕПТ АУЛА В ПОЭЗИИ КАДЫРА МЫРЗА АЛИ И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ

**Аннотация.** Қадыр Мырза Али — выдающийся поэт казахской литературы, сумевший посредством художественного слова утвердить национальный дух и органично связать свое творческое мировоззрение с жизнедеятельностью народа. Отличительной особенностью поэзии поэта является глубокое художественное осмысление национального бытия через синтез народного мировоззрения и повседневного быта с философским мышлением. Его произведения всесторонне отражают социально-психологический облик казахского общества, особенности национального характера и духовное развитие народа. Поэтический язык Кадыра Мырза Али опирается на народное словесное наследие, сформированное в сельской среде. Осмысливая национальную историю и культуру, традиции и обычаи, поэт посредством образа аула художественно воплощает национальный характер. В этом контексте его творчество по праву рассматривается как вершина художественного развития поэзии, посвящённой казахскому аулу. Для поэта аул не просто географическое пространство, а хранитель национального духа, традиций, языка и мировоззрения. В поэзии Кадыра Мырза Али сельская жизнь охватывает все этапы человеческого бытия от детства до старости. Жизненный путь человека, этические нормы и психологическое состояние сельских жителей представлены в его стихах с особой художественной выразительностью и достоверностью. Данная особенность усиливает воспитательное и познавательное значение поэтического наследия поэта, сближая сельскую поэзию с принципами национальной педагогики. Особенно ярко идеи национального воспитания, нравственности и гуманизма проявляются в произведениях, адресованных детям. В творчестве поэта широко представлены природные картины казахской степи и

элементы сельского быта. Рельеф степи, жайлау и кыстау, традиционное животноводство, юрта, национальные игры и обряды становятся ключевыми символами поэзии аула. Эти художественные детали раскрывают историческую память и культурную преемственность казахского народа, представляя аул как духовное пространство, в котором сосредоточены национальные ценности.

**Ключевые слова:** Отчизна, казахский аул, нравственность, поэзия, национальная идентичность, художественная специфика.

**A.D. ALTAY, M.S. ZHELELOVA**

Eurasian national university named after L.N.Gumilyov Astana, Kazakhstan

**G.K. KIARYSTANOVA**

Eurasian Humanitarian Institute named after A.K.Kusainov

### THE CONCEPT OF THE VILLAGE IN THE POETRY OF KADYR MYRZA ALI AND NATIONAL IDENTITY

**Annotation.** Kadyr Myrza Ali is a prominent figure in Kazakh poetry who established the national spirit through artistic expression and closely integrated his creative worldview with the life and consciousness of the people. The distinctive feature of the poet's work lies in his ability to artistically represent national identity by combining folk worldview and everyday rural life with profound philosophical reflection. His poetry comprehensively depicts the socio-psychological image of Kazakh society, its behavioral characteristics, and its spiritual development. The poetic language of Kadyr Myrza Ali is rooted in the folk lexical heritage shaped within the rural environment. Through poetic representation of national history, culture, and traditional ways of life, the poet constructs the national character by means of the village space. From this perspective, his creative legacy can be regarded as the artistic pinnacle of Kazakh village poetry. For the poet, the village is not merely a geographical location but a guardian of national spirit, traditions, language, and worldview. In Kadyr Myrza Ali's poetry, village life encompasses all stages of human existence—from childhood to old age. The life path of individuals, along with the ethical norms and psychological states of rural people, is portrayed with authenticity and artistic depth. This quality enhances the educational and cognitive value of the poet's works, linking village poetry with the principles of national pedagogy. Notably, his poems written for children clearly reflect the ideals of national upbringing, morality, and humanistic values. The poet's works vividly depict the natural landscapes of the Kazakh steppe and the essential elements of rural life. Steppe reliefs, summer and winter pastures (zhailau and kystau), livestock, yurts, national games, and traditional customs become central symbols of village poetry. These artistic details reveal the historical memory and cultural of the Kazakh people, presenting the village as a spiritual space where national values are continuity concentrated.

**Keywords:** Homeland, Kazakh village, morality, poetry, national identity, artistic features.

### References

1. Aristotel. Poetika. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1983.
2. Ahmetov Z. Lermontov syğarmalarynyñ Abaiğa äseri // Ädebiet jäne iskustvo, 1950. – №8. – B. 60-65.
3. İakobson R. Lingvistika i poetika // Strukturalizm: «za» i «protiv». – M.: 1975. – 360 s.
4. Lotman İu. M. Analiz poeticheskogo teksta. – Leningrad: Prosveşenie, 1972. – 258 s.
5. Nürğali R. Qazaq ädebietiniñ altyn ğasyry. – Astana: Kùltegin, 2002. – 267 b.
6. Qirabaev S. Keñes дәuirindegi qazaq ädebieti. – Almaty: Bılım, 1998. – 218 b.
7. Myrza Äli Qadyr. İrim. – Almaty: Atamūra, 2004. – 360 b.
8. Myrza Äli Qadyr. Qadyrdyñ qadırı. Qadyr Myrza Äli. Tañdamaly tuyndylarynyñ köp tomdyğy. – Almaty: Qazyğürt, 2010. – 440 b.

9. Käribaeva B. Qadyr poeziasy haqynda // Jüldyz. – №10, 1985.
10. Quanyş T. Jaiyqtyñ jyr jampozy: monografia. – Oral: Ağartuşy, 2012. – 230 b.
11. Şapaev T. Qazaq poeziasyndaғы lirikalyq tülğa problemasy. – Almaty, 1994. – 240 b.
12. Myrza Äli Q. Tañdamaly: Öleñder. – Almaty, Jazuşy, 2005. – 424 b.
13. G. G. Tolybaeva. Qadyr Myrza Äli eselerindeгі дүниетаным мәseleлері // QazÜU habarşysy. Filologia seriasy. – №3(143). – 2013. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/264/255>.
14. A. Jübanov Zaman bülbüldary. – Almaty: Jazuşy, 1972 – 456 b.
15. Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. Metaphors in the Language of Zhyrau: Structural Features and Functional Role / [Text] Daulet Zh., Amanzhol A., Sagymbai Zh., Maktagul O., Meruyert Zh. // – 2025. Volume 07. DOI: <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls>
16. Nürahmetov S. Qadyr Myrzalievtiñ aqyndyq шеберлігі. – Almaty: Jazuşy, 1994. – 214 b.

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Алтай Аманжол Дуйсенбайұлы** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Altai Amanzhol Duisenbaiuly** – Doctor of Philology, Professor, Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

**Жәлелова Меруерт Серікқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан

**Жалелова Меруерт Сериковна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Zhalelova Meruert Serikkyzy** – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian national university.

**Қиарыстанова Гүлжан Қанатқызы** – педагогика ғылымдарының магистрі, А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Киарыстанова Гүлжан Канатқызы** – магистр педагогических наук, старший преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К.Кусайинова, Астана, Казахстан.

**Kiarystanova Gulzhan Kanatkyzy** – master of Pedagogical Sciences, senior lecturer of the Eurasian humanitarian institute named after A.K.Kusainov, Astana, Kazakhstan.